

2021 -2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

28/ тамыз / 2021 ж.

Күн тәртібінде :

Тақырыбы : 2021-2022 оқу жылындағы оқу үдерісінің ұйымдастырылуы .

2021-2022 оқу жылы жоспарларын бекіту .
Мектептің жылдық жұмыс жоспары
Дарынды балалармен жұмыс жоспары
Әлеуметтік педагог жұмысының жоспары
Мектептің психологтың жылдың жұмыс жоспары
Мектептің тәлімгердің жылдық жұмыс жоспары.
Мектепшілік бақылау жұмысы .

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Абдрахманова А.С. сөз алды .Оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруды .

2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері .

- Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту .
- 1 сыныптарға «Әліппе», «Ата-ана » , «Букварь», «Обучение грамоте », «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу .
- Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру .
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру .
- Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімнен 20 маусымға дейін ұзарту .
- Міндетті формативті бағалау.
- Сабақ ұзақтығы 45 минут
- 5 сыныптан - 11 - сыныптар аралығында «Жағандық құзыреттіліктер» тандау курсы немесе басқа курстарды енгізу.
- Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық - педагогикалық қолдау көрсету.
- Оқуға құштар мектеп «дебаттар », «Өзін - өзі басқару күні» , « мектеп театры» жобаларын іске асыру .
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
(қарым қатынас ,мектеп -қонырауы)

Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастырылуы .

Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу .

Қ.Р. Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қ.Р. білім беру мен ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытудың қамтамасыз ету қажет .

2021 -2022 жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек.

- Білім алушылардың білімін толықтыру .
- Оқу жүктемесі төмендетілген 40 ж - ын жүзеге асыру .

- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету .

- Цифрлық инфокұрылысымен және ресурстармен жабдықтар .

Әрбір білім беру ұйымының міндетті - алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы , функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы , жалпыадамзаттық , ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру .

Дарынды балалармен жұмыс істеу мақсаты :

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті , білімді, іскер , ойлау жүйесі дамыған адамгершілік жоғары логикалық тұжырым жасауға білім , еркін ойлау алатын мақсатқа жету үшін еңбектене білетін жеке тұлғаны қалыптастыру .

Мектептің жылдық жоспарлары бекітілді .

Дарынды балалармен жұмыс жоспары .

Әлеуметтік педагог , психолог , тәлімгер жұмыс жоспарлары бекітілді .

Мектепшілік бақылау . Оқу жылында арналған мектепшілік бақылау жоспары .

Білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандары бекіту туралы . Қ.Р.Б.Ғ.М- нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 17- қосымшасына сәйкес дайындалды . Оқу процессінің сапасын арттыру педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту қажет .

Оқу процессін ұйымдастыру мен мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарының әкімшілігіне келесі нормативтер ұсынылады .

Сабаққа қатысу , бақылау және талдау - директор - 4 сабақ

Оқу- ісінің орынбасары - 8 сабақ.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер талқыланды.

Қаулы :

1) 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады .

2) Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

3) Білім олқылықтарының орның толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілсін.

4) Оқу пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу .

Мектеп директоры :  Абдрахманова А.С.

Хатшы :  Жумагулова К.Ж.

